

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ**

БЕКТЕМІН

Қабылдау комиссиясының
төрағасы, проректор
PhD, Е.Оңғар

« 02 » 2025 ж

**6B02201-«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**


Алматы 2025

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Исламтану кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 10 « 02 » 05 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:



Н.С. Анарбаев

«Б02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы шығармашылық емтиханды өткізу қағидалары Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Исламтану білім беру бағдарламасының қысқартылған бағдарламасына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

3. Шығармашылық емтиханды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған пәндік комиссия өткізеді.

4. Шығармашылық емтиханның саны 2-ге тең.

5. Білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

6. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссия құрылады.

7. Шығармашылық емтиханның кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

8. Исламтану білім беру бағдарламасы үшін өткізілетін шығармашылық емтихан 90 баллдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны – 5 балл.

9. Университетке қабылдану үшін талапкер кемінде 70 балл жинауға міндетті, оның ішінде тестілеу (ҰБТ) бойынша жеке пәндерден кемінде 5 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған талапкерлер қабылданады.

2. Емтиханды қабылдау тәртібі

1. Шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 10 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын

куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

5. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Шығармашылық емтихан тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады. Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

12. Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтиханды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

13. Дәлелсіз себептермен емтиханға келмеген талапкерлер емтиханға жіберілмейді.

14. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға рұқсат берілмейді.

15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

16. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

17. Шығармашылық емтиханның қорытындысы ведомостпен рәсімделеді.

18. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

19. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін келесі күні хабарланады.

20. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтиханды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихан тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

21. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарак Ғылыми кеңесінің бұйрығымен бекітіледі.

22. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

23. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі қарастырылмайды.

24. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

25. Шығармашылық білім беру бағдарламасына түсетін тұлғалар үшін тестілеудің екі пәнінің ұпайы есептеледі: оқу сауаттылығы және Қазақстан тарихы.

3. Нормативтік талаптар

«Исламтану» білім беру бағдарламасына түсу емтихандарының бағдарламасы мен талаптары шығармашылық қабілеттері бар, алғашқы діни сауатқа ие тұлғаларды таңдау мақсатында құрылған.

«Исламтану» білім беру бағдарламасына түсу үшін талапкерлер арнайы

пәндер бойынша 2 шығармашылық емтихан тапсырады:

1. Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу;

2. Дін негіздері бойынша ауызша емтихан.

Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесуден талапкердің діни білім деңгейі дайындығының деңгейін бағалауға, сонымен қатар, қабілетті талапкерлерді таңдап алуға мүмкіндік береді.

Дін негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің бастапқы Исламтанушылық қабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

**«БВ02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға
түсушілерге арналған емтихан сұрақтары**

1. Иман және иманның түрлері жайлы әңгімелеңіз
2. Намазды жамағатпен оқу жайында баяндаңыз
3. Намаздың адам мінезіне әсері жайлы әңгімелеңіз
4. Ер мен әйелдің намаз оқудағы айырмашылығы
5. Амал мен иманның айырмашылығы
6. Мәйтті жерлеу рәсімін түсіндіріңіз
7. Ғайыпқа иман дегеніміз не?
8. Сәһу сәждесі қалай жасалады?
9. Үлкен күнә дегеніміз не?
10. Мәсіге масх тарту қалай жасалады
11. Халифа Әбу Бәкір жайында әңгімелеңіз
12. Зекет анықтамасы және зекет берілетін малдың түрлері
13. Мүмін мен мұсылман сөзінің айырмашылығы
14. Тәшриқ тәкбірі деген не?
15. Кәпір деп кімге айтылады?
16. Тиләуат сәждесі деген не?
17. Алла елшісінің (с.а.с.) көкірегінің ашылу оқиғасы жайында әңгімелеңіз
18. Намазды қысқарту деген не?
19. Пайғамбардың (с.а.с.) Шам еліне сапары жайында әңгімелеңіз?
20. Намаздың уәжіптерін айтыңыз?
21. Фасық адам деп - қандай адамды айтамыз?
22. Таяммум және оның шарттары
23. Исра мен Миғраж оқиғасы жайлы не білесіз?
24. Дәрет алуды баяндаңыз?
25. Мәжбүрлеп күпір сөзін айтқызу діннен шығарады ма?
26. Судың түрлерін атаңыз?
27. Алланың бар және бір екендігіне дәлел келтіріңіз
28. Дәрет қай жағдайда уәжіп болады?
29. Алланың сипаттары жайлы әңгімелеңіз
30. Ғұсыл алу парыз болатын жағдай?
31. Ақида пәні нені үйретеді және оны үйренудің маңыздылығы
32. Фатиха сүресін намазда оқудың үкімі
33. Иманның қабыл болу шарттары жайлы баяндаңыз
34. Парыз намаздың алғашқы екі ракағатында қосымша сүре оқудың үкімі?
35. Имам Матуриди жайында әңгімелеңіз
36. Дәретті бұзатын жағдайлар
37. Періштелерге иман келтірудің маңызы
38. Намаздың сыртқы парыздары жайында баяндаңыз
39. Пайғамбардың (с.а.с.) Мадина қаласына хижарат жасауы жайында әңгімелеңіз

40. Намазда алғашқы отырыстың үкімі қандай?
41. Жәннатта мүміндердің Алланы көруі
42. Намазда соңғы отырыстың үкімі қандай?
43. Әһлі-сүннетте шапағат ұғымы жайында баяндаңыз
44. Қажылық және оның түрлері
45. Періштелерге сенудің маңыздылығы
46. Қай жағдайда сәһу сәждесі жасалады?
47. Періштелердің қызметтері жайлы әңгімелеңіз
48. Ораза және оның түрлері?
49. Қасиетті кітаптар қандай және оларға сенудің маңыздылығы
50. Азан мен қамат туралы айтып беріңіз?
51. Құранның түсуі және жазылуы жайында не білесіз?
52. Үтір намазы және оның қазасы жайлы әңгімелеңіз
53. Құранның басқа Иләһи кітаптардан айырмашылығы қандай?
54. Намаздағы құныт дұғасын оқыңыз
55. Пайғамбарлар (ғ.с) хақында жалған сөйлеудің үкімі қандай?
56. Жаназа намазы жайында баяндаңыз
57. Пайғамбарларға иман етудің маңыздылығы қандай?
58. Таң намазынан кейін қаза оразаға ниет етудің үкімі?
59. Пайғамбарларға тән сипаттар жайында баяндаңыз
60. Он кедейді тамақтандыру немесе киіндіру каффараттың қай түріне жатады?
61. Құранда аталған пайғамбарлар санын және есімдерін атаңыз?
62. Қажылықтың парыздары жайында әңгімелеңіз
63. Керемет пен истидраждың айырмашылығын атаңыз?
64. Қажылықтың уәжіп амалдары туралы айтыңыз?
65. Мұғжиза дегеніміз не?
66. Нәпіл оразада қателікпен ішіп-жеу қоюдың салдары қандай?
67. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мұғжизалары туралы әңгімелеңіз?
68. Құрбан айттың төртінші күні ораза тұтудың үкімі?
69. Әулиелік және карамат дегеніміз не?
70. Қандай жағдайда ораза тұту мәкруһ болады?
71. Уахи және оның келу жолдары
72. Намаздың ішкі парыздары туралы айтыңыз.
73. Ақырет күніне иман және оның маңыздылығы
74. Исламда ұмра және оның шарттары жайында әңгімелеңіз
75. Халифа Омар (р.а) жайында әңгімелеңіз
76. Қандай намаздардың қазасы өтеледі?
77. Қияметтің белгілері жайлы әңгімелеңіз
78. Қойдың зекет нисабы қанша?
79. Харижидтер деген кімдер?
80. Құрандағы сәжде аяты және оны уәжіп ететін себептер
81. Елшілер мен пайғамбарлар (ғ.с) жайлы әңгімелеңіз
82. Рамазанның әр күніне жеке ниет ету керек пе?
83. Халифа Али (р.а.) жайында баяндаңыз

84. Жолаушыға ұйыған тұрғылықты адам намазын қалай толықтырады?
85. Меккелік және Мадиналық аяттар жайында әнгімелеңіз?
86. Құранда зекет алуға құқылы адамдар жайында баяндаңыз
87. Қияметтің белгілері жайында баяндаңыз
88. Қаза оразаға ниет ету жайында баяндаңыз
89. Тағдырға иман келтіру, жақсылық пен жамандық бір Алладан екендігіне сену мәселесі
90. Қабірді зиярат етудің үкімі
91. Қанша Пайғамбарды білесіз?
92. Әруақтарға Құран бағыштаудың үкімі
93. Тақлиди және тахқиқи иман жайында әнгімелеңіз
94. Музыка және оның шарифаттағы үкімі жайында баяндаңыз
95. Алла Тағала бар екеніне қандай дәлел бар ?
96. Рамазан айының ортасында мұсылман болса, ұстамаған күндердің қазасын өтей ма?
97. Ақыреттегі амалдардың өлшенуі, таразы жайлы әнгімелеңіз
98. Тауап және оның түрлері
99. Имам Әбу Ханифа және оның ақидалық еңбектері
100. Пітір садақа және оның үкімі

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттір:

1. Н.Анарбаев, Е. Қарақұлов, «Ислам ғылымхалы», Алматы: Дәуір, 2011 ж.
2. Р.Мухитдинов, «Фикһ әл-ғибадат», Алматы: Кәусар, 2013 ж.
3. Е.Ақатаев, «Ислам ғибадаты», I том, Алматы: Дәуір, 2012 ж.
4. Қ.Жолдыбайұлы, М.Иса, «Ислам ғылымхалы», Алматы: 2010 ж.
5. Х.Өзтүрік, «Дәлел дәйектерімен Ислам Ғылымхалы» Алматы: Хикмет, 2010 ж.
6. И.Сейітбеков, Иман негіздері, А., 2010
7. Ғ.Есім, Артемев, Дінтану негіздері, А., қазақ/орыс тілдерінде
8. Қ.Сейтұлы, Періштелерге иман, А, 2010
9. Ш. Әділбаева, Сүннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз, А., 2009 ж.
10. Сейтұлы Қалмахан. Пайғамбарларға иман. – Алматы: «Көкжиек-Б», 2010.
11. Дербісәлі Әбсаттар. Қасиетті Құран. – Алматы, 2010.
12. Малғажыұлы Ержан. Таным тұғыры («Тахауи ақидасына» түсініктемелер негізінде) – Алматы: «Ғибрат», 2013.

Қосымша:

1. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы, А., 2011
2. Ислам историографический очерк, М.,
3. М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі, А., 2006
4. Сейтбеков И., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент,
5. Мец А., Мусульманский ренесанс М.,

6. Негізгі діни мағлұматтар, (Ауд., кұр. Х. Өзтүрк, Б. Мансұров) А., 2008
7. Т. Түгелұлы, Б. Тұрғанбекұлы, Мәзһаб туралы таным, А., 2011
8. А. Әділбаев, Қасиетті мәуліт, А., 2006
9. М. Исахан. Мазхаптар тарихы (саяи, сенімдік, ғықтық негіздер бойынша), Алматы, 2006.
10. Ризабек Батталұлы. Ақида сабақтары. – Алматы: «Siyaush», 2011.
11. Ғ.Есім, А.Артемыев, С.Қанаев, Г.Біләлова. Дінтану негіздері. – Алматы: «Білім», 2007.